

**«Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы №66 жалпы білім беретін орта мектебі»КММ-
нің 01.03.2024 жыл № 4 кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасының
көшірмесінен үзінді**

Өтетін уақыты: 15-00

Қатысқандар – 117 (педагогикалық ұжым)

Кеңес төрағасы: Калыбаева З.Б.

Хатшы: Бурабаева С.Т.

Күн тәртібінде:

1.«Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы №66 жалпы білім беретін орта мектебі»
КММ -нің 2021-2022,2022-2023,2023-2024 оқу жылдарының қызметіне өзін – өзі
бағалау жұмысын өткізу туралы./ Калыбаева З.Б./

Тыңдалды:

Мектеп директоры Калыбаева З.Б.: Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығы «Білім беру ұйымдарының өзін -өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» басшылыққа ала отырып мектеп қызметін өзін - өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері болып мыналар табылатындығын атап өтті:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқыту және білім беру;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық - техникалық база.

Мектеп қызметіне өзін -өзі бағалауға ұсынылатын білім беру қызметтерінің Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына талдау жолымен жүзеге асырылады.

- 1) оқу нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны;
- 2) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне;
- 3) білім алушылардың және тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне;
- 4) оқу мерзіміне сәйкестігін талдау ;
- 5) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген стандарттарының талаптарына сәйкестігі зерделеу кезінде Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын» пайдаланылады.

Мектеп қызметін өзін – өзі бағалау жұмысын өткізу бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңесте шешім қабылданды:

ШЕШІМ:

1. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау нұсқаулығына сәйкес мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін «Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы №66 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне өзін -өзі бағалау жұмыстары жүргізілсін.
2. «Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы №66 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне жүргізілетін өзін - өзі бағалау жұмыстарының мерзімі 2024 жылдың 03 маусым – 27 маусым аралығы болып бекітілсін.
3. Мектеп қызметіне өзін -өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін жауапты комиссия құрылсын.
4. ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес білім беру ұйымы көрсететін білім беру қызметінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талабына сәйкестігі анықталсын.
5. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін -өзі бағалау жұмысын жүргізу кезінде комиссия мүшелеріне зерделеудің нақты бағыттары бойынша тапсырмалар бөлініп, жоспар құрылып бекітілсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы:  Калыбаева З.Б.
Хатшысы:  Бурабаева С.Т.

